

*Жаңа түскен басылымдардың
виртуалды көрмесі*

№ 11, 2018


*Виртуальная выставка
новых поступлений
научных изданий*



Ж. Ыбыраев

Бауыржан Момышұлы. Майдан жыры мен сыры. История одной книги. / Ыбыраев Жүніс. - Алматы: «ҚазАқпарат» баспасы, 2018. - 380 бет.


Белгілі журналист, жазушы Жүніс Ыбыраевтың бұл жинағына қазақ халқының батыр ұлы, Ұлы Отан соғысында өшпес ерлік көрсеткен Бауыржан Момышұлы жайлы деректі әңгімелері еніп отыр. Автор архивтік материалдарды ақтарып көп ізденіп, салмақты еңбек жасаған.



Орынтаев Қ.Б., Арзымбетов Д.Е.

Зардапты анаэробтар тудыратын инфекциялық аурулар. Оқу құралы. Екінші басылым: Алматы, 2017, 76 бет

Оқу құралында анаэробтардың морфологиялық және физиологиялық ерекшеліктері мен оларды өсіру ерекшеліктері туралы мәліметтер келтірілген. Ауыл шаруашылық жануарларының кейбір инфекциялық ауруларына сипаттама берілген, қоздырушылардың биологиялық қасиеттері, зертханалық және ажыратып балау әдістері дәйектелген.




Бақтыгереев Ақұштап.

Ана әлдиі. Екі томдық таңдамалы шығармалары. I том/ Бақтыгереева А. - Алматы: «Айғаным» баспасы, 2018 - 380 бет.

Белгілі ақын Ақұштап Бақтыгерееваның «Ана әлдиі» атты жинағына автордың нәзік сыршыл сезімдерге, ой-орамдарға толы әйел, ана, қыз тағдыры жайлы өлең- жырлары еніп отыр.


Автор қоғам, ел өміріндегі әйелдердің орны, қуаныш-мұңы, күйініш - сүйініші жайлы тебірене жырлайды.



А. Бақтыгереева Өлең деген құдірет. Екі томдық таңдамалы шығармалары. II том/ Бақтыгереева А. - Алматы: «Айғаным» баспа үйі, 2018 - 380 бет.

Қазақтың белгілі ақыны Ақұштап Бақтыгерееваның бұл жинағына таңдамалы өлең-жырлары, балладалары, шетелдік ақындардың туындыларынан аудармалары, өзінің өмірден түйген ой-толғамдары еніп отыр.


Қазақ поэзиясында өзіндік орны, қолтаңбасы бар қаламгер әрқашан осы замандағы қоғамды, адамды толғандырып отырған әлеуметтік құбылыстарды өз туындыларына арқау етіп, елдік мақсат-мүдде тұрғысын жырлайды. Кітапқа сонымен қатар ақынның қаламдас аға-інілерінің бір топ арнаулары да еніп отыр.



Ештанаев Ғ. «Тамшыда да тағдыр бар»: Өлеңдер. Поэмалар. Аудармалар. /Ғазиз Ештанаев/. - Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2018. - 208 б.


Бұл - қаламгердің үшінші кітабы. Жинаққа әр жылдарда жазылған жаңа туындылары топтастырылған. Акын өлеңдеріндегі лирикалық «мен» Сізбен жарық дүниенің жақсы-жаманы, ақ-қарасы жайлы сыр бөлісе алады. Сондай-ақ аталмыш жинақтан автордың «Кетбұқаның соңғы күйі», «Өкініш», «Бетпақдала», «Мырзабектің кара аты», «Сәрінжіп акын», «Аманат жүрек, армысың» атты поэмаларын да оқи аласыз.

Жинаққа қаламгердің аудармалары да енгізілді. Словения ақындары Э.Коцбек, М.Бор, Балтық жағалауы ақындары Б.Мацквичюс, В.Шимкус, Ян Райнистің және жезқазғандық ақындардың қазақ тілінде сөйлеген жырлары оқырмандарын бей-жай қалдырмасы анық.



**Күдеринова Қ.
Бірге ме, бөлек пе? / Құралай Күдеринова. - Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2018. - 84 бет.**


Қазақ тілі орфографиялық ережесі мен сөздігіне сәйкес бірге және бөлек жазылатын сөздердің емлесін сатылап меңгертуге арналған оқу-әдістемелік құрал ретінде ұсынылып отыр.



Қайдар Ә.

ТІЛ-ҒҰМЫР. Ғылыми мақалалар жинағы. - Алматы: А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2018. - 360 бет.


Бұл кітапқа белгілі тіл маманы, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі Әбдуәли Қайдардың өмірі мен ғылыми шығармашылық қызметі туралы мәліметтер және латын әліпбиі мен жазу мәселесі, түркітану мен бір буынды түбірлер, қазақ этнолингвистикасы, этимология, этнонимика және паремиология мәселелері бойынша ғылыми мақалалары, сондай-ақ ғалым жайында әріптестері мен шәкірттерінің ой-толғамдары енгізілді.



Сарыбаев Ш.

ТІЛ-ҒҰМЫР. Ғылыми мақалалар жинағы. - Алматы: А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2018.-312 бет.


Бұл кітапқа белгілі тіл маманы, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі Шора Сарыбаевтың өмірі мен ғылыми шығармашылық қызметі туралы ресми мәліметтер, негізгі ғылыми еңбектері және әріптестері мен шәкірттерінің ой-толғамдары, сондай-ақ ғалымның әр жылдары түскен фотосуреттері енгізілді.



Сыздық Р.

ТІЛ-ҒҰМЫР. Ғылыми мақалалар жинағы. - Алматы: А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2018. - 344 бет.

Кітапқа көрнекті тіл маманы, ҚР ҰҒА академигі филология ғылымдарының докторы, профессор Рәбиға Сыздықтың өмірі мен ғылыми шығармашылығы туралы очерк, ғалымның қазақ әдеби тілінің тарихы, тіл мәдениеті, лингвостилистика, поэзия тілі, алаш арыстары, тілдік норма т.с.с. бойынша зерттеу мақалалары, сұхбаттары, әріптестері мен шәкірттерінің ғалым еңбектеріне берген пікірлері сараланып енгізіліп отыр. Сондай-ақ зерттеушінің әр жылдары түскен фотосуреттері де берілген.



Жүнісбек Ә.

Қазақ тіл білімінің мәселелері - Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2018, -368 бет.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Ә.Жүнісбек ұзақ жылдардан бері қазақ тіл білімінің фонетика саласымен: тіліміздегі дауысты және дауыссыз дыбыстар жүйесі, сингармонизм заңы, орфография мен орфоэпия және т.б. кешенді түрде айналысып келеді. Сонымен бірге ғалым - бүгінгі таңда ең өзекті болып отырған мәселе - төл жазуымызды латын қарпіне көшіру ісін алғашқы күннен бастап қолға алып, осы салаға теориялық әрі практикалық тұрғыдан белсенді үлес қосып келе жатқан бірден-бір жетекші маман. Сондықтан да қолдарыңыздағы жинаққа автордың қазақ фонетикасы мен фонологиялық жүйесін және латын қарпіне көшудің өзекті мәселелерін сөз еткен басты-басты еңбектері енгізіліп отыр.

АБДРАМАН Ш.


Екі томдық шығармалар жинағы / (кұраст.: Шарбану Алманбетова) - Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2018.

Т.1: Ғылыми-фантастикалық романдар, танымдық хикаят және әңгімелер. - 480 б.

Жинаққа ХХ ғасырдың ортасына дейін қазақ әдебиетінің балауса жанры делінетін ғылыми-фантастиканы дамытуда өз үлесімен дараланатын, уақыт талабының үдерісіне сай, оқушылардың талап тезінен сүрінбей өтіп үш мәрте басылым көрген шығармалар енгізілді.

Көлемі жағынан хикаятқа лайық, ал көтерген жүгі романға тең екі шығарманың бірі «Ақиқат формуласының» ғылыми проблемасы - адамзатқа апат әкелетін соғыстың алдын алу, оны болдырмау. Ал, «Әл-Мисақ» романының оқиғасы «Қағбаның» қаратасында түйілген Адам (ғ.с.) Жаратушыға берген айнымас «әл-Мисақ» антының Түркі жұртында атам заманнан бері бұзылмаған ислами ғибраттық негіз. Ислами ұстанымы ғылыми арқаумен ширатылады.

Әңгімелердің көтерген ғылыми идеялары бір-бірін қайталамайтын нақты фантастикалық шешімдері және шығармалардың шиыршық атқан оқиғалары оқушысын әсте жалықтырмайды, «осылай болуға тиісті» дегізетіндей тұжырым түйіндетеді, әрі ғылыми озық идеялар ұлттық діл жөргегінде нанымды шынайылық үрдісінен ауытқымайды.





Төлепбергенұлы Н.

Өлеңді әліппе: жануарлар. Н. Төлепбергенұлы. - «Абзал-Ай» баспасы, 2018.-32бет.

Сатирик-жазушы Н. Төлепбергенұлының «Өлеңді әліппе: жануарлар» атты бүлдіршіндерге арналған суретті кітапшасы, орман-тоғайларда мекендейтін алуан түрлі жабайы аңдардың суреттері мен олардың қызықты тіршілігі жайлы өлең жолдарымен жазылған. Әзілкеш ақынның балаларға арналған кітапшаларында әрі күлдіргі, әрі бүлдіргі тақпақтары топтастырылған.




Н. Төлепбергенұлы

Өлеңді әліппе: қалалар. Н. Төлепбергенұлы. - «Абзал-Ай» баспасы, 2018. - 32 бет.

Бүлдіршіндерге арнап қызықты тақырыптарда өлең-жыр жазып жүрген сатирик-жазушы Н. Төлепбергенұлының «Өлеңді әліппе: қалалар» кітапшасында еліміздің қалалары мен елді мекен атауларын әліпбимен таныстыра отырып, әдемі де қарапайым, түсінікті тілмен өлеңге арқау етеді.

Әр шаһардың ерекшелігін, табиғатын, көркін ашады. Кітапшаға берілген ғимараттар мен ескерткіштер, мәдени орындар, әртүрлі суреттер жасөспірімдердің таным-түсінігін арттырары сөзсіз.




Сүлейменов А.

Екі томдық шығармалар жинағы. I том. Повестер мен әңгімелер. Ой-толғамдар/ А.Сүлейменов - Алматы, «Айғаным» баспа үйі, 2018- 418 бет

Көрнекті жазушы-драматург, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Асқар Сүлейменовтің (1938 - 1992) бұл жинағына прозалық шығармалары - ел тәуелсіздігі үшін толассыз күрестің шешуші бір кезеңі 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің көркем фәлсәфасы, өзгеше бір зерделемесі «Бесатар», Біржан сал ғұмырының кей тұстары негізінде өнер адамының асқаралы парызы, өнер мұраты, елдік мұрат туралы ой қозғап, Ұлттық идеяға шығатын «Адасқак», замандастар өмірінен жазылған «Ситуация» повестері мен «Ақ кемпір», «Қара шал» әңгімелері берілген.

Том соңында суреткер прозасын, ондағы философияны талдайтын материал мен мақала бар. А.Сүлейменовтің терең ойлы, аса көркем, «ұлттық тілдің өткені мен бүгінін жалғастырушы алтын көпір», шешен тілді шығармалары қалың оқырманның игілігіне қызмет ете беретіні анық.




Жанат Елшібек. Библиографиялық көрсеткіш / құраст.: Е.Ж. Әли, Н.А. Аккулова. - Астана: Ұлттық академиялық кітапхана, 2017. - 152 б.


Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасы әзірлеген бұл библиографиялық көрсеткіш көрнекті қаламгер, мәдениет қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, журналист-жазушы Жанат Елшібектің шығармашылық әлеміне арналып отыр.

Қазақ батыры Дәуіт Асауұлы. /Құраст. Н.Ы. Жетпісбай, А.А. Аблаев. - Алматы, 2017. - 240 бет.

Кітап еліміздің тарихында өзіндік орны бар белгілі тарихи тұлға, атақты батыр және би болған Дәуіт Асауұлының өмір жолына арналады. Дәуіт Асауұлы (1787-1874) - қазақ халқының азаттық күресі жолындағы қаһарман есімдердің бірі, өз ғұмырында отарлауға қарсы үш ұлт-азаттық көтеріліске қатысып, оның екеуіне жетекшілік еткен бірден-бір қайраткер. Ресей империясы мен Хиуа хандығы арасында өзіндік саясат жүргізген басқарушы би. Оның өмірі мен ерлік жолдары бұрын арнайы зерттелмеген.

Жинақ түріндегі бұл ғылыми еңбекте Дәуіт Асауұлының сіңірген еңбектері тұңғыш рет архив деректері негізінде суреттеледі. Сонымен бірге, батыр туралы ел арасында сақталған кейбір әңгімелер, соның ішінде бұрын толық күйінде еш жерде жарық көрмеген, қолжазбалар қорларына түспеген, ғылыми ортада белгісіз болған «Дәуіт батыр» жыры тұңғыш рет ұсынылады





«Қан құю, қан компоненттері, плазма және қан алмастырушы препараттар туралы негізгі мәселелер», Оқу құралы - А.С. Ибадильдин. Алматы, 2017 -192 б.

Бұл оқу құралында клиникалық медицинаның актуалды әрі қиын бөлімі - қан құю, қан компоненттері, плазма және қан алмастырушы препараттар жайлы жазылған. Қан тобын анықтауда кететін қателіктер және олардың алдын алу әрекеттері, қан құюға көрсеткіштер және қарсы көрсеткіштерге толық тоқталады.


Қорытындысында авторлар заманауи көзқарас бойынша жаппай қан құюды азайтып, қан құюдың альтернативті түрлерін кеңінен қолдануға шақырады.



«ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІ. 1915 жыл /Құраст.: С.О. Смағұлова, Г.М. Абиқова. - Алматы: «Елтаным баспасы», 2017. - 528 бет.

«Қазақ» ұлттық баспасөзі 1913-1918 жылдар аралығында Ахмет Байтұрсынұлының басшылығымен Орынбор қаласында шығып тұрды. Қазақ ұлт зиялылары мен қазақ оқығандарын айналасына топтастырған бұл газет қазақтың жан жарасына айналған жер, тіл, дін, оқу және тағы басқа мәселелерді көтеретін басылымға айналды.

Бұл жинаққа газеттің 1915 жылы жарық көрген 93-163 нөмірлері түгелдей араб әліпбиінен қазіргі жазу үлгісіне көшіріліп енгізілді. Мақалаларда сол жылғы ұлтымыздың тұрмыс-тіршілігі, ішкі және саяси жағдайы, экономикалық-әлеуметтік, мәдени, оқу-ағарту, дін мәселелері, атадан балаға мирас болып келе жатқан салт-дәстүрі, жоралғылары, тарихы жан-жақты қамтылған.




Нұсқабайұлы Ж. Қазақ журналистикасының тарихы (1870-2008 жылдар)./ Ж.Нұсқабайұлы, Қ. Аллаберген, Ф.Оразаев. - Алматы: "Білім" баспасы, 2018 - 400 бет.

Авторлар бұл еңбегінде қазақ журналистикасының ұзақ жылдық тарихына бүгінгі күн тұрғысынан көз жіберіп, тың байламдар жасап, жаңаша ой айтады. Қазақ мерзімді баспасөзінің тарихына қосымша оқу құралы ретінде қайта басылып отырған бұл кітап осы жаңашылдығымен де құнды. Кітап жоғары оқу орындарындағы журналистика факультеттерінің оқытушылары мен студенттеріне, бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлеріне, сондай-ақ баспасөз тарихымен жақынырақ танысқысы келетін әрбір зерделі оқырманға арналды.



Ерімбетова Қ. Шәбден Ералиев. Тарих толқынындағы тағдыр: монография (тарихи очерк). - Астана: Кәусар, 2017.- 176 б.

Кітапта ХХ ғасырдың басындағы кеңестік жүйенің орнауына алғышарт болған, Қазан төңкерісінен кейінгі саяси-идеологиялық негіздеулер, Қазақ даласында жүргізілген саяси-күштеу әрекеттерінің салдары баяндалады. Революционер-коммунист Шәбден Ералиев өмірі мен қызметі арқылы, ұрпақтар сабақтастығына қатысты әңгіме өрбиді. Шәбден Ералиевтің қазіргі кезеңдегі ұрпағы жөнінен нақты мәліметтер автордың сұхбаттары арқылы дәйектеледі.




Жайлыбай К.Н., Нұрмаш Н.К.
Биологиялық экология: оқулық / К.Н. Жайлыбай, Н.К. Нұрмаш,-
Алматы: Эпиграф, 2017. - 420 бет.

Оқулықта биологиялық экология ғылымының анықтамасы, мақсаты мен міндеттері, қалыптасу кезеңдері, тірі организмдер мен табиғи ортаның өзара қарым-қатынастық заңдылықтары, дара, түр, популяция экологиясы, бірлестіктер экологиясы, экожүйелер экологиясы, биосфера тұрақтылығы туралы мәселелер қарастырылған. Ғаламдық масштабта, Қазақстанда, аймақтарда қалыптасқан қазіргі кездегі экологиялық жағдайлар адамзаттың тіршілік әрекетімен байланыста және қазіргі ғылым жетістіктері негізінде баяндалады; биосферадағы биологиялық түрлердің алуан түрлілігін сақтау, әрбір популяция ішіндегі дара организмдер санын азайтпай көбейту, тұрақтандыру, қорғау мәселелері қарастырылады.



Сыздықова З.
Дәнекерлеу құрылғысының өндірісі: Оқу құралы / З. Сыздықова,
Б. Аймурзаев. - Астана: Фолиант, 2018. - 232 бет.

Оқу құралында электрмен, газбен, аргон доғалы пісірудегі трансформаторлар, түзеткіштер, агрегаттар, инвенторлар, жартылай автоматтар, плазмалы кескіштер және олардың қолданылуы мен тиімділігі, дәнекерлеу құрылғысымен орындалатын пісірудің түрлері, металдардың құрамы мен пісірілгіштігі жіктердің орналасуы, кездесетін ақаулар оларды жөнге келтіру, электр, газ жалыны қауіпсіздік ережелері жайлы мәліметтер баяндалған.



Қажғалиев Н.

Ет және ет өнімдерін өңдеу технологиясы: Оқулық / Н. Қажғалиев, Я. Узаков. - Астана: Фолиант, 2018. - 352 б.

Оқулықта ет және ет өнімдерін өңдеу технологиясының теориялық негіздері: еттің тағамдық және биологиялық құндылығы, еттің негізгі ұлпаларының құрылысы, мал етінің жіктелуі, сойыс малын тасымалдау, алғашқы өңдеу, ет өнімдерін суықпен және жылумен өңдеу, тұздау, малдан алынған шикізаттарды өңдеу, еттен әзірленетін тағамдар баяндалған.


Оқулық ет өнімдері технологиясы пәнінің оқу бағдарламасы мен мал шаруашылығы өнімдері және шикізатын өңдеу пәнінің типтік оқу бағдарламасына сүйеніп жазылған.



Черкешов Ж.


Мұнай кәсіпшілік машиналары мен механизмдері: Оқу құралы / Ж. Черкешов, К. Сақтағанова. - Астана: Фолиант, 2018. - 168 б.

Оқу құралында мұнай мен газ өндіру және мұнайды, газды дайындау процесінде кәсіпшілікте қолданылатын машиналар мен механизмдер, оларды қолдану технологиясы, машиналар мен механизмдердің түрлері және техникалық сипаттамасы жөнінде оқу материалы берілді.



Азық-түлік тауарларын тану және сараптау: Оқу құралы/ Г. Күзембаева, Қ. Күзембаев, Ф. Диханбаева, А. Матибаева. - Астана: Фолиант, 2018. - 432 бет.


Оқу құралында азық-түлік өнімдерінің түрлері және жіктелінуі, тамақ өнімдерінің тағамдық құндылығы және олардың адам тамақтануындағы мәні, әртүрлі топтағы азық-түлік өнімдерінің ассортименті және сапалық сипаттамалары, азық-түлік өнімдерін сақтау, тасымалдау және тарату негіздері, азық-түлік өнімдерінің сапасын бағалау және талдаудың қазіргі заман талабына сай тәсілдері туралы келтірілген.



Черкешов Ж.

Мұнай және газ скважиналарын бұрғылау техникасы мен технологиясы: Оқу құралы / Ж. Черкешов, Қ. Орынбаев. - Астана: Фолиант, 2018. - 184 б.


Ұсынылып отырған «Мұнай және газ скважиналарын бұрғылау техникасы мен технологиясы» пәнінің оқу құралы мемлекеттік стандартты негізге алып, мемлекеттік тілде дайындалып, кәсіптік және техникалық білім беретін оқу орындарында оқытылатын «Мұнай және газ кен орындарын пайдалану» (0809000) мамандығының «Мұнай және газ алатын операторы» (0809052) біліктілігі бойынша оқып-үйренуге арналған. Оқу құралында мұнай және газ ұңғымалары, мұнай және газ ұңғымаларын бұрғылау техникасы мен технологиясы, бұрғылау әдістері жөнінде оқу материалы берілді.



Оспанова Б.


Лингвомәдениеттану: Оқу құралы. Б. Оспанова. - Астана: Фолиант, 2018 - 152 б.

Бұл еңбек лингвомәдениеттанымның теориялық негіздерінен білім жинақтауға, тілші мамандардың жалпы лингвомәдениеттану тұрғысында білім, ұғым, түсінік қалыптастыруы үшін тіл білімінің жаңа саласымен, тың ғылыми дереккөздерімен таныстырады.




Автомобильдерді жөндеу: Оқулық / В. П. Иванов, А. С. Савич, В. К. Ярошевич, ауд. М. Ақмырзаев. - Астана: Фолиант, 2018. - 264 б.

Оқулықта автожөндеу өндірісінің міндеттері мен құрылымы, автомобиль жөндеудің негізгі технологиялық процестері қарастырылған. Бөлшектерді индустриялық негізде қалпына келтіруге ерекше назар аударылған. Өндірісті ұйымдастыру, еңбекті техникалық нормалау және автожөндеу кәсіпорнының өндірістік бөлімшелерін жобалау көрсетілген.



**Шалғынбаева Қ.Қ. Алимбекова А.А. Кәсіби лидерлік негіздері.
Оқу құралы. - Алматы. Альманах, 2018 - 257 б.**

Оқу құралында оқу, тәрбие арқылы лидерлік сапаларды дамытудың теориясы мен әдістемесі берілген. Лидерлікке ықпал ететін факторларды анықтау арқылы лидерлік әлеуметтік феномен екені туралы айтылған. Тұлғаның жас ерекшеліктеріне сәйкес лидерлік сапаларын дамытудың мүмкіндіктері мен жолдары, әдістері қарастырылған. Жеке тұлғалық сапалардың дамуы барысында, кәсіби маңызды лидерлік сапалардың дамуы туралы ақпараттар берілген. Оқу құралының мазмұнында дәріс материалдары, семинар сабақтарының сұрақтары, СӨЖ тапсырмалары ұсынылады



**Р.Қ.Бекмағамбетова
Педагогика-1. Педагогиканың жалпы негіздері. /
Р.Қ. Бекмағамбетова, Г.К. Шолпанқұлова, Л.Н. Демеуова. - Алматы:
Альманах, 2018.- 154 б.**

Оқу құралына тірек дәрістер, өз бетімен оқуға арналған материалдар, өтілген материалды тексеруге арналған тестік тапсырмалар енгізілген.

Казкен Томпиев, Казыбек Томпиев.


Имена Великих людей (Альтернативные мысли о тюрках) - Алматы, 2017. - 189с.


Книга состоит из 3-х частей, дополняющих друг друга. В I части кратко даны сведения: о тюркских каганах, ханах, эмирах, царях, императорах, батырах, ученых и многих других знаменитых людей как в Азии, так и в Европе.

Автор показывает связь величия людей с их именами и происхождением. В книге раскрываются мало известные исторические сведения о героях, факты и события.

Во II части автор показывает этногенез казахов с древнейших времен, начиная с прототюрков шумеров и древних тюркских племен: ариев, саков, гуннов, тюрков Тюркского каганата, Монгольского каганата, Золотой Орды, России и тюрков Казахского ханства... Говорится о переселении предков, создании и культурном развитии этносов, и их близости. Даются сведения о каганатах, королевствах империях о «Золотой Орде», «Синей Орде» и их наследниках России и Казахстана. Сообщается, об этнической и генетической близости пришельцев из Улуса Джучи и этносов Восточной Европы и России.

В III части включены избранные стихи и четверостишия автора о странах, событиях прошлого и настоящего, о людях, жизни и многом другом.






Турпанова Р. М., Жайлибаева Г.К.

Объекты биотехнологии: Учебно-методическое пособие. - Алматы: Альманах, 2017. - 300 с.

В учебно-методическом пособии рассмотрены основные разделы изучаемого курса: биологические объекты, используемые в биотехнологии: бактерии, разнообразие и их применение в биотехнологии, вирусы, грибы, систематическое положение, распространение, биотехнологическое значение. Водоросли, особенности строения и размножения. Диатомовые, бурые, зеленые, красные водоросли, лишайники. Культуры растительных и животных клеток, методы их культивирования. Излагаются способы культивирования микроорганизмов, основные требования, предъявляемые к объектам и биологическим системам, используемым в биотехнологии. Рассматриваются прикладные аспекты применения биологических объектов по отраслям биотехнологии.



Граф Франк, Байор Зигфрид (изд.)

Биогаз: Производство, обогащение, подача. - Астана: Фолиант, 2017. - 400 с.

Библиографическая информация Национальной библиотеки Германии

**Кулманова Г.А., Беркинбай О., Абеуов Х., Акоев М.Т.
Экологический туризм // Учебник. Под редакцией академика
О. Беркинбай. - Алматы, «Нур-Принт», 2017. - 450 с.**

Издание третье, исправленное и дополненное

Учебник состоит из следующих глав: предисловие, введение, основные понятия и термины, применяемые в охотоведении, рыболовстве, туризме и экологии; современное состояние и проблемы развития туризма в Казахстане, нормативно-правовая база туризма и туристической деятельности, реклама и маркетинг туристического продукта, организация и проведение охотничьего туризма, экологический туризм в Казахстане, менеджмент охотничьего туризма, организация и проведение водного туризма, любительское рыболовство, конный туризм, туризм и гостиничное дело, Законы Республики Казахстан «Об охране, воспроизводстве и использовании животного мира», «О государственном контроле за оборотом отдельных видов оружия», «Об особо охраняемых природных территориях», первичная обработка трофея и порядок его вывоза за границу.

